



«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы медицина  
колледжі

«Бекітемін»  
медицина колледжінің  
директоры Отыншиев М.Ә.



Жұмыс оқу бағдарламасы

Пән: «Маркетинг және менеджмент негіздерімен фармацияны ұйымдастыру  
және экономикасы»

Курс 2

Мамандық: 0306000-«Фармация»

Біліктілігі: 0306013- «Фармацевт»

Сағат саны: 134

Теория:38

Тәжірибе:96

Шымкент 2018



Жұмыс оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасының ЖМББС мен үлгілік кәсіптік оқу бағдарламасына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР ДСЖӘД Министрлігінің 29.07.2016ж. №661 бұйрығына сәйкес және 05.08.2010ж. үлгілік оқу бағдарламасы негізінде жасалынды.

ФІҰБ кафедрасының мәжілісінде қаралды

Хаттама № 1 18.08.2018 ж.

Каф.мен. ф.ғ.д., профессор

Шертаева К. Д.

«ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің әдістемелік кеңес мәжілісінде қаралды және бекітілді.

Хаттама № 1 18.08.2018 ж.

Әдістемелік кеңестің төрайымы:

Джуманкулова Н.Р.

Дайындаған: оқытушы Ташева С.М.



### Мазмұны:

1. Түсіндірме жазба .....	4
2. Пәнді оқытудың жоспарланған нәтижелері.....	5
3. Пәннің тақырыптық жоспары және мазмұны.....	9
4. Пәннің үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны.....	12
5. Әдебиеттер және оқу құралдары.....	16



## 1. Түсіндірме жазба

«Маркетинг және менеджмент негіздерімен фармацияны ұйымдастыру және экономикасы» фармацевтикалық нарықта жұмыс істейтін кәсіптік білімі мен дағдысын қалыптастыратын мамандарды даярлайтын негізгі фармацевтикалық пәндердің бірі болып табылады.

«Маркетинг және менеджмент негіздерімен фармацияны ұйымдастыру және экономикасы» пәні бойынша білім беру жүйесінің аясы – ҚР белгіленген заңдылықтары бойынша фармацевтикалық кәсіппен айналысатын түрлі меншікті және ұйымдық-құқықтық нысандық фармацевтикалық мекемелер мен ұжымдар, олардың бір-бірімен және сыртқы ортамен шаруашылық жағынан байланыстары, сонымен қатар фармацевтикалық нарықтағы қызметтің негізін құрайтын құбылыстар, үдерістер және объектілер болып табылады.

Маркетинг және менеджмент негіздерімен фармацияны ұйымдастыру және экономикасы – құрамына білімдік, менеджменттік, экономикалық, әлеуметтік, маркетингтік, логистикалық, психологиялық жүйелерді кіргізетін, озық жетістіктерді бірітіретін пәннің негізгі ғылыми жиынтығы болып табылады.

«Маркетинг және менеджмент негіздерімен фармацияны ұйымдастыру және экономикасы» пәнін игеруге жалпы 134 сағат белгіленген: оның ішінде 62 сағат – теорияға, 96 сағат – практикалық сабақтарға бөлінген. Өндірістік оқытылымға 108 сағат, кәсіптік практикаға 108 сағат қарастырылған.

Пәннің алдына қойған негізгі мақсаттары:

- дәрі-дәрмек айналымы саласындағы субъектілердің басқару және экономикалық қызметін, сапалы фармцевтикалық көмек көрсету кезінде дәрі-дәрмек айналымы субъектісін жоспарлау, ұйымдастыру, талдау, бақылау есепке алу сияқты басқа да қызметтер аумағында білім мен практикалық дағдыларды жетілдіруге үйрету;
- фармацевтикалық нарықта тауар тасымалдау жүйесінің негізгі бөлімінде практикалық дағдыларды қалыптастыруға үйрету;
- фармацевтикалық менеджмент және маркетинг негіздерін игеруге, дәрілік заттарды көтерме-бөлшек сауда бағасы бойынша сабып алуды жүзеге асыруға;
- дәріхана жағдайында дәрілік заттарды өндіруді ұйымдастыру принциптерін және дәріханалық өндірісте дәрілік заттарды дайындау бойынша машықтарды жетілдіруге үйрету;
- экономиканың фармацевтикалық саласындағы кәсіпкерлік іс-шараларының негіздерін білуге үйрету;
- халықты дәрілік заттармен қамтамасыз етуді жақсарту үшін денсаулық сақтау жүйесінің бірыңғай жүйесімен жұмыс істей алу машықтарын меңгеруге үйрету.



Бұл пәнді оқыту емтихан тапсырумен аяқталады. Емтихан тест түрінде компьютерлік жүйеде жүргізіледі.

## 2. Пәнді оқытудың жоспарланған нәтижелері

Білім бағдарламасында және стандартта жоспарланған оқыту нәтижелері	Үлгілік оқу бағдарламасында жоспарланған нәтижелер
<p><b>Базалық:</b>  <b>БҚ 1. Оқу.</b>  <b>БҚ 1.1.</b> Өзін-өзі дамыту: оқуды, кәсіптік дамуды ұзақ мерзімді жоспарлау дағдыларын игерген, кәсіпке және өзінің әлеуметтік міндеттеріне тұрақты, оң көзқарас қалыптасқан.  <b>БҚ 1.2.</b> Ақпарат: жиналған ақпаратты талдау және бағалау әдістемесін меңгерген.  <b>БҚ 2. Этика.</b>  <b>БҚ 2.1.</b> Этикалық қағидаттар: кәсіптік этикалық құндылықтарды дәріптейтінін, әлеуметтік-мәдени диалогқа дайындығын көрсетеді.  <b>БҚ 2.2.</b> Жұмыс орны эстетикасы: еңбек қауіпсіздігі және өндірістік санитария талаптарын сақтап, жұмыс орнын ұйымдастыра алады.  <b>БҚ 3. Коммуникациялар және қызмет.</b>  <b>БҚ 3.1.</b> Коммуникативтік дағдылар: Қоғамда адамдар арасында қарым қатынас жасаудың адамгершілік нормаларын біледі; Фармацевтикалық көмекке жүгінгендер үшін өзара тиімді әрекет қажетті кешенді коммуникативті дағдыларды меңгерген.  <b>КҚ 1.</b> Салауатты өмір салты: Салауатты өмір салтын насихаттау әдістемесін, халықты гигиеналық оқыту дағдыларын меңгерген.</p>	<p>Пәнді оқыту нәтижесі бойынша білім алушы</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- халыққа медициналық қызмет және дәрі-дәрмектік көмек көрсетуді ұйымдастырудың негізгі принциптерін, фармацевтикалық нарық негіздерін, ҚР дәрілік саясаттың құқықтық негіздерін реттейтін нормативтік – құқықтық құжаттарды;</li> <li>- фармацевтикалық мекемелер мен ұйымдардағы көтерме бөлшек сауда бөлімдерінің қызметін, дәрі-дәрмектерді рәсімдеу және босату жұмыстарын ұйымдастыру мәселелерін;</li> <li>- дәрілік заттардың сапасын бақылауды ұйымдастыра, оларды сақтау және сертификаттау мәселелерін;</li> <li>- дәрілердің шипашақтарын қабылдау және оларды босату жұмыстарын ұйымдастыруды;</li> <li>- дәрілік препараттарға деген қажеттілікті анықтаудың негізгі принциптерін және оларға деген сұранысты зерттеуді;</li> <li>- фармацевтикалық қызметтің көтерме сауда бөлімі ретінде дәріханадағы қойма жұмысын ұйымдастыруды;</li> <li>- фармация экономикасын басқару негізін;</li> <li>- дәріханалық ұйымдардың қызметіндегі негізгі экономикалық</li> </ul>



**КҚ 2.1.** Зиянды факторлардан қорғау: Қоршаған орта және адам қауіпсіздігі үшін зиянды факторлар әсерінен қорғаныс әдістерін қолданады. Келушілерге препараттарды қолдау қауіпсіздігі жөнінде кеңес береді.

**КҚ 2.2.** Стандарттар. Фармацияның нормативті-құқықтық базасын біледі. Нормативті-құқықтық құжаттарды қолданады. Мемлекеттік фармакопея, анықтамалық фармацевтикалық әдебиет кәсіби қызметте технологияның ауысуына дайын.

**Арнайы:**

**АҚ 1.** Дәріханалық сервистің қызметіне маркетингтік стратегия: Фармацевтикалық тауарды жылжыту және дәріханалық бизнестің өнімділігін жоғарылату әдістерін біледі;

Фармацевтикалық маркетинг түрін және әлеуметтік негізін, негізгі қағидаттар мен функциялардың мазмұны мен маңызы туралы жүйелі білімі қалыптасқан.

көрсеткіштерді жобалауды;

- негізгі заттардың, тауарлар қозғалысының және басқа да материалдық құндылықтардың есебін;

- есеп айырысу операцияларының және ақша қаражатының есебін ;

- тауар-материалдық құндылықтарды есепке алуды, есептен шығару тәртіптерін;

- фармацевтикалық менеджмент және маркетинг негіздерін, көтерме-бөлшек сауда арқылы босату тәртіптерін, дәрі-дәрмектерді сатып алу, жарнамалау ережелерін білуі тиіс.

- тауарлар айналымы аясында субъектілердің қызметін жоспарлауды және оларға талдау жүргізуді;

- дәрілік заттарды сатып алу, жарнамалау және көтерме-бөлшек түрінде өткізу;

- тұрғындар, емдеу-профилактикалық және фармацевтикалық ұйымдардың мамандары арасында дәрілік заттар туралы ақпараттарды жинау, өңдеу және тарата білуді;

- дәріханада дәрілік нысандарды дайындау кезінде техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтай білуді;

- шипашақтардың рәсімделу (талаптарға сай) дұрыстығын, кіріс ингредиенттерінің сәйкестілігін, науқастардың жасына қарай тағайындалған дәрілер мөлшерінің сәйкестігін анықтай білуді;

- дәрігерлердің шипашағынсыз берілетін дәрі-дәрмектерді қабылдау бойынша кеңес беруді;

- дәріханалық пункттер мен дүңгіршектердегі жұмысты ұйымдастыруды;





- дәріханалық пункттер мен дүңгіршектердегі тауар-материалдық құндылықтарды сақтай білуді **үйреніп алуы қажет.**

**3. Пәннің тақырыптық жоспары**  
**5-семестр Теориялық сабақ - 34 сағат**  
**Тәжірибелік сабақ - 72 сағат**

**15 апта**

№	Тауарлар мен тақырыптардың атауы	Барлық сағат саны	Теория сабағы	Тәжірибелік сабақ
		<b>106</b>	<b>34</b>	<b>72</b>
1	Экономика негіздеріне кіріспе. Дәріханалық ұйымдар қызметінің негізгі экономикалық көрсеткіштерін жоспарлау		3	5
2	Фармацевтикалық нарықтағы фармация экономикасының және тұтынушылық тәртіптің ерекшеліктері.		3	5
3	Дәрілік препараттарға баға қою негіздері		3	5
4	Тауарайналымға, тауарлық үстемелерге сараптама жүргізу және жоспарлау .		3	5
5	Тауарлар қоры және оларды жоспарлау. Тауарлар қоры.		3	5
6	Бақылау жұмысы			5
7	Менеджмент, басқару қызметтері туралы түсінік және оларды реттеу.		3	5
8	Кадрларды басқару қызметтерін ұйымдастыру, ұйымдардың құрылымын жобалау		3	5
9	Басқару шешімдері. Ұйым және басшы, басқару стильдері		3	5
10	Бақылау жұмысы			5
11	Іс-қағаздарды жүргізу туралы жалпы түсінік және оларды реттеу		3	5
12	Маркетинг концепциялары, негізгі түсініктер. Маркетингті басқару		3	5



13	Фармацевтикалық нарықтағы тауарлар қозғалысы		3	4
14	Дәрілік препараттарды жарнамалаудың әдістемелік жолдары. Дәріханалық мерчандайзинг негіздері.		1	4
15	<b>Бақылау жұмысы</b>			4
	<b>Барлығы:106</b>		34	72

**6 семестр Теориялық сабақ - 18 сағат****Тәжірибелік сабақ - 66 сағат****8 апта**

№	Тауарлар мен тақырыптардың атауы	Барлық сағат саны	Теория сабағы	Тәжірибелік сабақ
<b>1.</b>	<b>Дәріханалық ұйымдардағы есепке алу және есеп беру жұмыстарының негіздері</b>	<b>84</b>	<b>18</b>	<b>66</b>
1.1	Есеп беру ақпараттық жүйе ретінде. Негізгі заттарды есептеу		3	8
1.2	Тауарлардың түсімін есепке алу. Тауарлардың босатылуын есептеу		3	8
1.3	Басқа материалдық құндылықтарды есепке алу.		3	8
1.4	Еңбек және еңбек ақыны есепке алу		3	8
1.5	Ақша қаражатын және кассалық операцияларын есепке алу. Есептесу операцияларын есепке алу		3	8
1.6	Айналым шығындарын есепке алу		3	8
1.7	Барлық меншік түрлеріндегі дәріханалардың есебі		-	8
1.8	Тауарлы-материалдық құндылықтарды есепке алу. Бақылау жұмысы.		-	10
	<b>Барлығы:84</b>		<b>18</b>	<b>66</b>





## **1. Пәннің үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны**

### **1. Фармацевтикалық нарықтағы тұтынушылық тәртіптің және фармация экономикасының ерекшеліктері.**

#### ***1.1 Экономика негіздеріне кіріспе. Дәріханалық ұйымдар қызметінің негізгі экономикалық көрсеткіштерін жоспарлау***

Фармацевтикалық экономикадағы негізгі түсініктер. Фармацевтикалық сауда ұйымының экономикалық жүйесі. Жоспарлау туралы түсінік, жоспарлардың түрлері. Экономикалық талдау әдістері.

#### ***1.2 Фармацевтикалық нарықтағы фармация экономикасының және тұтынушылық тәртіптің ерекшеліктері.***

Фармацевтикалық нарықтағы сұраныс пен ұсыныс заңдылықтарының әсерін анықтауды, тұтынушылық тәртіптерінің заңдылықтарын анықтау. Нарық әсер ететін негізгі механизмдер. Нарықтық тепе-теңдік.

#### ***1.3 Дәрілік препараттарға база қою негіздері***

Фармацевтикалық ұйымдардағы бағалық саясаттың негіздерін, бағалау стратегиялары мен әдістерін анықтау. Дәрілік заттарға бөлшек сауда бағасының құрылуы. Дәріханашілік дайындалған дәрілік заттарға бағаның құрылуы.

#### ***1.4 Тауарайналымға, тауарлық үстемелерге сараптама жүргізу және жоспарлау***

Тауарайналымдық басқарудың экономикалық негізі. Тауарайналым мөлшеріне әсер ететін факторлар. Босату көлемінің түрлері көтерме және бөлшек сауда. Көтермелік және бөлшек-саудалық тауарайналымның болжам жоспарын құру. Тауарлық үстеме.

#### ***1.5 Тауарлар қоры және оларды жоспарлау***

Тауарлар қорының табиғи, бағалық, салыстырмалы мөлшерлік бірліктері. Тауар қорының нормативтері және нормалануы нұсқауы. Тауарайналымдылық, оның атауы. Тауарлар қорының жоспарлануы.

#### ***1.6 Айналым шығындарын, баланстық және таза кірісті жоспарлау***

Дәріханалық ұйымдардың шығындары. Айналым шығындарының топтасуы. Шығындарды статьялар бойынша болжау. Баланстық және таза пайданы жоспарлау.

#### ***1.7 Бақылау жұмысы***

### **2. Фармацевтикалық менеджмент негіздері**

#### ***2.1 Менеджмент, басқару қызметтері туралы түсінік және оларды реттеу.***

Менеджмент туралы жалпы түсінік. Басқарудың функциялары мен принциптері.

#### ***2.2. Кадрларды басқару қызметтерін ұйымдастыру, ұйымдардың құрылымын жобалау***



Басқару жүйесінің ұйымдастырылу құрылымын анықтау. Өнеркәсіпте бөлім мен бөлімшелерді құру. Фармацевтикалық қызметтің міндеттерін бөлу және тағайындау.

### **2.3 Басқару шешімдері.**

Басқару шешімдерінің мазмұны, түрлері. Басқару шешімдерін қабылдау процесі. Басқару шешімдерін қабылдау әдістері

### **2.4 Ұйым және басшы, басқару стильдері**

Мекеме басшысының атқаратын ролі. Мамандармен жұмыс істеу психологиялық негіздері. Басқару стилінің түрлері.

### **2.5 Бақылау жұмысы**

## **3. Фармацевтикалық ұйымдарда іс-жүргізу негіздері, құжаттар айналымын ұйымдастыру**

### **3.1 Іс-қағаздарды жүргізу туралы жалпы түсінік және оларды реттеу**

Дәріханалық мекемелерде іс-қағаздарын жүргізу тәртіптері.

## **4. Фармацевтикалық маркетинг негіздері**

### **4.1 Маркетинг концепциялары, негізгі түсініктер**

Фармацевтикалық маркетинг негізі. Маркетинг концепциялары.

### **4.2 Маркетингті басқару**

Маркетингті басқарудың ақпараттық қамтылуы. Маркетингтің ұйымдастырылу құрылымы.

### **4.3 Фармацевтикалық нарықтағы тауарлар қозғалысы**

Тауар жылжыту саясаты. Коммуникациялық саясаттың қалыптасуы. Тауардың өмірлік циклі.

### **4.4 Дәрілік препараттарды жарнамалаудың әдістемелік жолдары. Дәріханалық мерчандайзинг негіздері**

Дәріханалық мерчандайзинг негіздері. Жарнаманың негізгі түрлері. Дәрілік препараттарды жарнамалауға қойылатын талаптар.

### **4.5 Бақылау жұмысы**

## **1. Дәріханалық ұйымдардағы есепке алу және есеп беру жұмыстарының негіздері**

### **1.1 Есеп беру ақпараттық жүйе ретінде**

Есепке алу түрлері мен тәсілдері, есепке алу бірліктері.

### **1.2 Негізгі заттарды есептеу**

Негізгі заттардың топтасуы. Негізгі заттардың түсімін есепке алу. Негізгі заттардың амортизациясы. Негізгі заттардың қозғалысын есепке алу.

### **1.3 Тауарлардың түсімін есепке алу**

Дәріханалық мекемелерде тауарлар қабылдау ерекшеліктері тауарлық операциялары. Кіріс тауарлық операциялар. Тауарларды және басқа құндылықтарының кірісін есепке алу.

### **1.4 Тауарлардың босатылуын есептеу**



Дәріханаларда мекемелерде тауарлардың шығынының негізгі түрлері. Бөлшек сауда тауарайналымының есебі. Көтерме сауда тауарайналымының есебі.

### ***1.5 Басқа материалдық құндылықтарды есепке алу. Бақылау жұмысы.***

Тара, көмекші заттар, дәрілік өсімдік шикізаттар құрылыс материалдар, жанармайлар және басқа құндылықтардың есебі.

### ***1.6 Еңбек және еңбек ақыны есепке алу***

Еңбекке төлеу жөніндегі мемлекеттік саясаты. Еңбекақы төлеу жүйесі және түрлері. Еңбекақы төлеудің бірыңғай тарифтік жүйесі

### ***1.7 Ақша қаражатын және кассалық операцияларын есепке алу. Есептесу операцияларын есепке алу***

Ақша қаражатын есептеу. Кассалық шығыс операцияларын есептеу. Кассалық кітабын толтыру.

### ***1.8 Айналым шығындарын есепке алу***

Айналым шығындарының жалпы сипаттамасы, мақсаттары. Айналым шығындарының классификациясы, есебі.

### ***1.9 Барлық меншік түрлеріндегі дәріханалардың есебі***

Дәріханалық ұйымдардың есебі. Дәріханалық ұйымдардың есебіне қойылатын талаптар. Дәріханалық ұйым есебінің формалары мен құрылымы.

### ***1.10 Тауарлы-материалдық құндылықтарды есепке алу.***

Тізімге алудың негізгі ережелері. Тауарлардың ақша қаражаттардың, негізгі және есептеу және тізімге алу тәртібі.

### ***1.11 Бақылау жұмысы***

## **2. Әдебиеттер және оқу құралдары**

### **Негізгі:**

1. К.Д.Шертаева, Г.И.Утегенова «Фармация экономикасы»-оқулық. Шымкент-2015ж.-222б.
2. Шертаева К.Д. «Фармацевтический маркетинг» - Шымкент, 2012
3. Арыстанов Ж.М. «Фармацияның басқарылуы және экономикасы», Шымкент, 2012 ж.
4. Арыстанов Ж.М. «Фармацияның саласындағы менеджмент негіздері»-Эверо-2012ж
5. Жакенова Б.Қ. «Менеджмент негіздері» - 2011- Астана
6. Нысанбаев С.Н. «Маркетинг негіздері» - 2010 – Эверо, Алматы
7. Рахимбаев А.Б. «Маркетинг теориясы және практикасы» - Алматы, 2019
8. Қазақстан Республикасы үкіметінің шешімдері.

### **Қосымша:**

1. И.В. Косова «Организация и экономика фармации» Москва 2002 ж.
2. ҚР денсаулық сақтау министрлігі бекіткен бұйрықтар мен нұсқаулар және басқа нормативті-техникалық құжаттар